

ISSN 0134-3580

Аннотации



10' 2003

Тұрсынбек КӘКІШҰЛЫ



Алыптардың айқасы

Қауіпті ме, әлде қатерлі ме, әйтеуір бір кітапты оқып, шошып кеттім. Бірнеше күн оқыдым, басқа жұмыстарымды ығыстырып қойып оқыдым. Және ол кітаптың оқиғасының ішінде бірде куә, бірде сырттан бақылаушы, бірде айтыс-тартыстың ортасында өзім жүргендей әсерлендім. Әрине, менің еркімді жеңіп алып, өз уысынан шығармаған шығарма, мен үшін тамаша болғанымен, екінші біреулерге өшейін бірдеме болып көрінуі де ғажап емес.

Егер қазақтың өткен заманы болса барымталасып, совет кезеңі болса әкірендеген айғайдың астына түсіп, аяғы не түрме, не партия бюросынсыз өтпейтін, бүгінде әркім әртарапқа тарқылайтын кітаптың әрқилы қабылдануы әбден мүмкін. Кітап қолыма тигенде таныса салайыншы деген пиғылда едім, енді міне, қолыма қалам алып, авторына да, оқырманға да ұнасын мейлі, ұнамасын мейлі өз ойымды айтайын деп отырмын. Ол маған пайдалы ма, зиян ба ол жағын ойлап отырған жоқпын.

Кітап орыс тілінде. Аты — “Через тернии (воспоминания-эссе о путях-дорогах к Сатпаеву)”. Авторы — Медеу Сәрсеке. Өскемен қаласында Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің баспасынан мың дана болып 2002 жылы шығыпты. Кітап атын қазақшаласа — “Қыл көпір” деуге де, я “Қияметтің қыл көпірі” деуге де болғандай. Авторы қалай атағанын білмеймін, осы екі аттың біреуін кітап иеленсе ұтылмайтын сияқты.

Кітап түйіні не? Әрине, бірауыз сөзбен жеткізу қиын, алайда “әлі мен тірінің данышпандыққа таласуы” дер едім. Бәсекелесудің мұндай түрін бұрын-сонды қазақ көрмеген, енді ғана жаңа заманмен, өркениетпен көркейе бастаған зайырлы дәуірдің тапқан “олжасы” демеске шараң жоқ. Мұндай пиғыл кеше коммунистік идеологиямен ақталып та, қараланып та көрінсе, бүгінде анайы ашықтықпен ыланға айналып жатқан өте жағымсыз, жиіркенішті, өте қатерлі құбылыс. Оның шет жағасы Шыңғысханға байланысты дау-дамайдан да көрініп жатыр.

Кітаптың ашы беттерінің ғана емес, бүкіл рухының ғибраты: “кемеңгерлік мандай терін төккен адал еңбектен туады, ел мойындайды, қастерлейдін. Ал, ұзақ жыл таққа отыру, әрине, абырой-қошеметті көбейтеді, рабайдан асып кетпесең даңқтан да кенде болмайсың, тарихқа да енесің, өздерінің әртүрлі қысыр мақсаты үшін жарбандайтындардың даңғазасымен атың да, әруағың да жаулауың жатуы мүмкін, ал ол данышпандықтың көбіктенген сыртқы көрінісі болуы ғажап емес. Тарихта мұндай құбылыстар көп болған. Оны Пушкиннің Моцарт пен Сольеринен, не кешегі шоқпыт-шоқпыт киімін есік мандайшасына іліп қойған Аязбиден аңғаруға болады.

Адал еңбекпен табылған даңқ пен билік тағында отырғанда табылған даңқтың айырмашылығы жер мен көктей екендігін Медеудің мына кітабы толып жатқан үлкенді-кішілі деректермен дәлелдейді, тіпті кейбір тұстарда бадырайтып көрсетеді, нанбағандарға шындықты қолына ұстатады.

Қай жағынан болсын тағдырлас Медеуден іш тартып қалдым. Әрине бір мақсаттың соңына түскен соң аяғына дейін шығу ер-азаматқа парыз. Медеудің

улы Қаныш Сәтбаева қатысты деректердің бәрін тіркестеп жинауы дұрыс және ол қажет, ал бірақ сол жинағандарының көбін қисынның тауып өші кеткен адамдай кітапқа қаздалап кіртізе берудің моральдық жағын да ойлап қою керек еді. “Қадалған жерден қан алу” қандай жағдайда қажет екендігінің шамашарқын шамалау кімге де болса керек, галымға айрықша қысқ.

Кітаптың “Қому мешала слава Сатбаева?” деген тарауы оқушының сендіруге-німен тым қазымбарданып, қазбаланған. Оқырман шығаратын үкімді оған зорлап танбық болған түсте шалық басылған, оның да белгілі деректерден дәлелденген шыңдықтарға біресе ар жақтынан, біресе бер жағынан сыналғы қарап, қазымбарданып айтылған ойнар Димкеннің аруағынан мың мерте қилығи сұранаман, кітап тарауына ажар кіртізбей тұр. Мені шошытқаны осы түс, әйтпесе, кітап, әсіресе, бұрын қазақ баласына өте керекті, әсіресе билік басқындылыққа тибрат беретен татпаны ашы, бірақ пайдағы зор, жоқар Алашауай кітап Әдеттегі керекші шығармадан құжат негізінде жазылған туындының өсерді болматтығы осыдан. Оқитпа да, деректер де, аты аталған адамдар да қосымша сұреттелуді, сөз бояуын табуды, образ жасаймын деп әдектенуді талап етпейді. Олардың өзінен ойыншы алынған соң түсінікті, өсерді, пайдалы, әрі-бейден соң көрсек.

Мәселудің мына кітабында аниа-саниа ауыздан шығып кетсең бір жайы баір. Ол “мен ұлыға таласқанда атылды шығарайын деп жүргем жоқ” дейтін жалған тезис. Білбір адам данқушын бөзген емес, қайта бола түссе екен дегені шытыл, әсіресе, өнер, ақын-жазушы, ғалымдарға көл болматтығы айдап анық. Ондай пиғыл партия, совет, үкімет адамдарына жат емес. Тірі жүрген пендешінің данқ дентегіне көтерілуді армандамайтыны жоқ көрінеді. Бірсу халыққа бінеді, ал біреу анайылықпен аңқылдап мазақ болып жағатын көрінеді. Сол үшін өнбектегі түнде ұйқышдан, күндіз тымыштықтан айрылмаңыз. Оның сырлығы жамылғысы “мен халық үшін еңбек етіп жатырмын” деген жалған сөз. Әуелі өзіне жақсылық тілемеген адам, өзеге бола қойсын демейді. Осы кітаптың тууына бір жағынан осы пиғыл себепші болып отыр.

Мен Мәселумен таласарлақсының дегенді тағы да қайталаймын. 1965 жылғы “Қызыл ғұмқар” деген әдеби, тарихи өнерқым жазылымш білші, 1968 жыл деп белгіленгенмен 1969 жылдың ортасында өзгер шықты. Кітапқа келдері жазғандығы-ау деген адамдар да, мекемелер де үлтек таба алмады. “Қазақстан” басықсышының сол кездегі директоры, алымды жұрналшект Абай Бейкесембаевтың (қазір де көзі тірі, ұзақ жасай берсін) өзі оқыды. Екі өскертпе жасқандығы әлі өсімде. Бірді Сәкеннің мына ойы: “Қазақ халқының бір үлкен дерті — ұлықтылыққа, алпаққа, дәрежеге құмардылығы. Ал Орал губерниясының бұрынғы оқынғандығы, иянешпендегітері ұлықтылыққа өзгелерден өте құмар” дегенді алып таста деді. Көңбелім, шешеншектен қанқот, шорлфель ұстауға өзі де құмармыз қой деп қисарыш, “мекеме Орал жүйіні ме едің?” деп өктем саудап қойғанымынан кейін, “әлпеш жұмсартпшы” деген мүоқауын қабыл алдым.

Екіншісі Шерім Алматыға байданалықты. Әбекен “осы таптарды қайтесін, Сәкенді қамшының астына алып, шайына жұдыш, түрмеге аларын тыңқанды рас... ал, осыдан ұлт арасындағы қарым-қатынас ұшықпай ма?” Сәкен де, сен де ашық жазыпсыңдар!” дегеніне өміршектеш біраз дау айтыпым. 1964 жылы З.С.Келдірма “Тар жол тайпақ келу” орғыс пішіне аударылып шығайын депіп жатқанда “Ұлттар достығына өзгешінің тәлізімі” депі Қазықстан Компартиясы Орталық Комитетіне арыз түсірді. Үлкен әлпешке салған болдымын. Ол кезде Д.А.Қонаев бірінші хатшылыққа оралдып келетін шағы және Ш.Жандүлдіннің Сәкен Сейфуллинның 70 жылдығына қанардағы жазушының ретінде өлкізуге жаң салыш, алымды алпашпай тұрған кезі болдымын. З.С.Келдірма артылығын ұятып қайтару үшін Жазушылар Одағында 17 ақын-жазушы сөйледі, солдардың ой-пікірлерін қанарға түсіру және халтаман айналыдыру үшін Сәкен қолмеңгерінің хатшысы ретінде тер төккенім өсіме түсе келті. Абай Бейкесембаева бәр мәселені ұятынықты түсінідіретін сайыш, түрі сұрланып, көзі еждерейін баға жапқанымн байқалдым. Бұл өскертпеден ондай құтылмайын қой деп ойтай бергенімде:

— Тұрсынбек, айтқан сөзге түсінбейді екенсің, не кітап, не Ялымов, — деп ышқына сөйледі. Тілі де күрмелмеді.

— Ялымов жақыныңыз ба еді? — дейін десем өзіме пөле болып жабысарын білген соң, директордың көзінше қолжазбаның төрт-бес бетін айғыздап сызып тастадым. Сөйтіп “Қызыл сұңқар” 1969 жылдың ортасында Сәбит Мұқановтың алғысөзі және демеуімен өзер шыққан болатын.

Сәкен мен Сәбиттің тұзы жеңіл ме, әлде елдің нақты ісіне қолма-қол араласып, кейбіреулер қызғанатындай ірі істі өздері орындап, пайдасын тигізген қайраткерлігін көре алмай күндейтіндердің қырсығынан ба, әйтеуір дау-дамайға түскенмен жеңіп шығатынын, өзіне жанасқандарға шапағаты тиетінін талай көрдім, көріп те келе жатырмын.

Өзімізде шығарғаннан кейін Сәкендей азаматтың даңқы бүкіл Одақ көлеміне тарасын деген оймен Москвадағы “Молодая гвардия” баспасына бардым. Сәкеннің бағына қарай “Молодой целинник” газетінің редакторы болған, ұлы ақынның 70 жылдығында қолымызға су күйған, тиісті жерінде рюмке қағыстырған Валентин Осиповтың азаматтығымен “Жизнь замечательных людей” сериясының 1971 жылғы жоспарына ілікті. Докторлық диссертация қорғаймын деп бір жылға өзім кешіктіріп алдым. “Сакен Сейфуллин” 1972 жылы шықты. Мәскеуліктер қуанды, өйткені СССР-дің құрылғанына 50 жыл толғанда ұлт республикасының Сәкендей қайраткерін шығардық деп талай жерлерге есеп беріпті. “Қазақстан” баспасы, оның жаңа директоры марқұм Мұқан Мамажанов “біз шығарған кітаптың Мәскеуден шығуы үлкен абырой, енді оны мемлекеттік сыйлыққа ұсынайық” — деп жанықты. Ұсынды. Оны қабылдап алған, Орталық Комитеттің баспасөз бөлімінде істейтін Құрмантай Меңдіғожин “Мәскеуден шығарған кітабыңда Ялымовты атапсың ғой, ештеңе етпес, үлкен адамдар оған мән береді дейсің бең деп көңілімді күпті етіп тастады. Мән беріліпті, тіпті талқылауға жібертілмеді, үлкен қызыл қарындаш “Сәкен Сейфуллиннің Кәкішевпен қоса баттита сызыпты. Ол құжаттар қазіргі Президент архивінде жатқаны сөзсіз.

Бұл өз алдына бір әңгіме болса, Медеу Сәрсекенің сөзін тірілтетін, кітабының шындықтан туғандығын көрсететін оқиға былай болған еді. 1975 жылы “Жазушы” баспасынан “Жалын” отау алып шыққанда жаңадан ашылайын деп жатқан “Өнегелі өмір” сериясын бастап шығатын Сәтбаев пен Сейфуллин Орталық Комитет шешімімен “шықпасын, жалпы мұндай серияның өзі бізге керек пе, жоқ па” деп Мәскеуден келген болар-болмас нұсқауға байланысты тоқтатылды. Кім біледі, басқа қайраткерлер болса да осындай тағдырға ұшырар ма еді, өйткені Мәскеуде соққан жел Қазақстанда өрқашан дауылға айналып кететініне ешкім дау айта қоймас. Оған өзіміз ынғайланып тұрамыз ба, әлде басшыларымыздың солқылдақтығы ма, әйтеуір шырлдаудан көз ашпағанымыз рас. Оның үстіне Сәкен мен Қанышты Димекеңнің қаламайтындығын біліп алған қулардың өздері шешіп отырғандай шіренгендерін талай көргенбіз.

Бұл хабарды естіген кезде онша абыржи қоймадым. Жасырмайын, идеология хатшысы Саттар Имашевпен көңілі жақын жолдас, тіпті дос едім деуіме де болады, бірдеменің жайын табар деп бейғам жүрдім.

Телефон шырылдап қоя берді.

— Түрсеке, үлкен үйге бармасқа шара қалмай тұр. Сіз Сәкенмен жақын екенсіз ғой, рас па? Олай болса барайық, мен қазір келемін, — деп жаңадан ұйымдасқан “Жалын” баспасының су жана директоры, көрнекті ақын Қабдікәрім Ыдырысов хабарласты.

Баспа терімі шашылса талай шығынға түсіретінін айтып машина ішінде бір мұнайса, менің жайымды ойлап қабырғасы қайысып та отыр.

— Анау-мынау дегенге көнбейді, одан да Мәскеуден шыққан кітаптың аудармасы дейік, — дегенде мен шошып кеттім. Шапшандығыма бағып, “өзі қазақтың қайраткері болса, оны қазақ жазса, ол қалайша аударма болмақ? Бізді олай қор қылмаңдар” дедім мен кекірейіп. Қабдікәрім “осы дұрыс болады,

одан басқа жол жоқ” деп С.Имашевтің кабинетіне кіргенше құлағыма сыбырлаумен болды.

— Ә, келдің бе? Білгенмін келерінді, бірақ келгенімен ештеңе өнбейді. Кітап шықпайды! — деп Қабдікәрімге қаралы.

— Терімді шаштыңдар ма? Шашу керек! — деп Сагтар аузымызды аштырмады. Тіпті осымен бітті, қайта беріндер дегісі келіп тұр. Әдейі келіп, бір ауыз сөз айта алмай кеткен ұятты деп:

— Жок, жок, буынсыз жерге пышак ұрма, Тұрсынбек, бұл мәселе жоғарғы деңгейде шешілген, 3-4 жылсыз қайтып оралмаймыз, — деп бет бақтырмады.

— Ал егер орысшадан аударылды десек ше? — деген сөздің аузымынан қалай шығып кеткенін өзім сезбей қалдым. Бұл ойды естігенде Сагтардың көзі жарқ ете түскендей болды. Бірден телефонға жармасты. Аманшық — саулық жоқ:

— Осы бізде “ЖЗЛ-дың” кітаптары қазақшаға аударылып жатыр ма? Кімдер шықты? — деп ар жағындағы адам бірнеше қайрапкерлердің атын атаған болуы керек. — Олай болса Көкішев жолдастың “Сәкен Сейфуллиннің” аударма деп шығарайық. Ал Мәскеуде шыққанынан ешбір айырмасы, қоспасы болмауға тиіс. Оның солай шығуына Елеукеңов жолдас басышызбен жауап бересіз, — деп шығынан ауыр жүк түскендей бізге жымыя қаралды. — Жарайды, уақыт жоқ, барындар! — деп бүді шығарып салды. Қабдікәрім шығынға ұшырамайтын болдым деп қуанса, мен өз елімде өз азаматың туралы өз пікірде жазған шығарманды шығара алмайтын күйге түсетіндей құдайыңа қай қайтарына ұшырадық деп ішім қан жылап келеді.

Әрине, мұндай шешім болмағанда мен де Мелеудің кабинетіне келіп, талай есіктерлі тоздырар едім ғой деп ойлармын.

Мелеу Сәлбаев жайында 8 кітап шығарыпшы. Мен де Сәкенге он сияқты шығарма арнадым. Еңбек етіп жүргенде жаным аудармайтын, жұрт сияқты мен де бірдемені тындыра салайыншы, тіпті атақ-дәреже алайыншы деп орындай салайтын жұмыс болады. Ал кейбір мәселе, кейбір қайрапкер сөзіне еркіннен тиіс тандырына айналып келетін көрінеді. Мелеу қаламгерлігінің сөздісі, ең биік шыңы Сәлбаев туралы туындылары болса, Сәкен де менің тандырыма айналып келгеніммен, ол жөнінде еңбектену маған жеңілдеу болған сияқты. Оған біраз себеп бар. Біріншай шығармашылықпен оқырған Мелеудің күндіз-түні ойлайтын Сәлбаевқа қалысты деректердің соңына шырақ алып түсуі заңды, шың өнерпаздық ізденіс шартына жауап береді. Ал мен болсам күндіз лекция оқып, кешке тылым ізденіс жасауым көлденең соққыларды елемесе, кейде аяқ асты еле салуға, атақ-дәрежені тыным іздемей, болса болды, болмаса мейлі дей салуға үйреніп кеткеніммен шығар. Данқ керек емес, керек, бірақ ол үшін орынсыз ертенудің қажеті шамалы.

“Жамаң сырлы айтпалы деп шыныға айтадының” кері болды ғой деймін. Мелеу Сәрсекенді “Қияметтің қыл көпірі” мені осындай жылдары, кәсіретті ояларды айтқан еріксіз бастап оқыр. Сөздің қысқасы, Мелеу Сәрсекеннің кітабы аңды шынықтық ашық айтып, тіпті кейбір тұста орынсыз қабалап айтқан керемет тез оқылатын, көп ойна бағырлатын, нақты деректерге негізделген тибратты кітап.

Енді екі мәселеге, билік басында ұзақ болудың пайда-зияны және оған қалайын мұра: жайына соға келсек, Мелеу кітабының нысанасында болмаған, бірақ бүгінде керекті жаңдайларға еріксіз барамыз.

Қазір Америка дегенде ішкен асымызды алдымызға қоя салатынды шығарлық қой. Үйренсек, толық үйренейік. Президенттің еріксізінде өкірет сайлайтын шарты дұрыс. 8 жыл ішінде, бір жылы үйренуге, қалған 7 жылы істі атқаруға кетеді де, биліктің тәтті доміне тойынады, бірақ бойына сініре қоймайды.

Ал біздің тотолитарлық жүйеде олай болмады. В.И. Лениннің ұзақ жасауына құдай мұрсат бермеді, 1922-1953 жылдары 31 жыл патшалық құрған И.В. Сталиннің ұлы еңбектері мен ұлы зұлымдықтары болғанын көрдік, айтайлап айтып жатырмыз. Ал одан кейінгі Хрущев, Черненко т.б. патшасыздығын былай қойғанда Л.И. Брежневтің ашқығанша билік басында отыруынан СССР патшасы

зардап шекті. Барды ұқсата алмады. Төңірегiнiң бәрi кәрi-құртандар болды, iс iстемек түгiлi, бөксесiн дұрыс көтере алмағандары өтiрiк емес. Ал бiздiң Қазақстанда ең ұзақ патшалық құрған Дiнмұхамед Ахметұлы Қонаев болды. Алдында отырып кеткен екi жылын косса, табаны күректей 24 жыл, яғни ширек ғасыр билiк басында болды. Рас, әуелгi он жылдықта керемет ыждаһат көрсеттi, ел сүйiктiсiне айналды, Мәскеу де қырын қараған жоқ. Ал одан кейiнгiнiң бәрi өзiнiң жөн-жобасымен көмекшiлердiң тиянақтылығымен жасалды. Димекен соларға карауылшы болды, бұрыс кетiп бара жатса “әй, балалар” деп өзi бiлген жөнге салып жiберiп отырды. Шығаратын кiтабын, сөйлейтiн сөзiн, жасайтын баяндамаларын төңiрегiндегiлер орындады. Үстiнен қарап түзеткендерi, әрине болды, өйткенi көп жылдан бергi тәжiрибе оны жасатпай қоймайтын едi. Сол түзетулердiң өзi жаңадан iске араласқан қызметкерлерге көрегендiктiң, данышпандықтың ұшқынындай болып көрiндi. Оның үстiне жарамсақтар дабыралап, даңқ тұғырын биiктете беруге тырысты. Тiптi әрi-берiден соң әдейi қоздырылған жүздiк түсiнiк пен ниет араласып, iстелген оң iстiң бәрiн бiр адамның басына таңуды шығардық.

Жарымаған “социализм” түсiнде пенделердiң жоқ-жiтiгi көп болды. Димекен алдына барып өзiне зәрудi, әсiресе пәтер сұрап алғандар құдай жарылқағандай дуылдатты. Осындай қол ұшын беру де ол кiсiнiң даңқын дабырайта бердi. Ақындар өлең-жыр арнауды әдетке айналдыра бастады. Қолдан құдай жасау жолы кеңейiп бара жатқанда, 74 жастағы Димекене ширек ғасыр отырған жылы орнын басқаға беруiне тура келдi. Жаңа адам, оның iшiнде сонау Ресейден орта қолды бейтаныс бiреудi әкелiп жатқаны Димекенмен қызметтес болып, шайқап iшiп жүргендерге ұнамағаны тағы бар. Оны қазақ жастарының намыс көргендерi желтоқсан көтерiлiсiнiң бұрқ ете түсуiне апарып соқтырды. Ол көтерiлiс Димекен орнынан алынбаса да болатын құбылыс едi, өйткенi кәрi-құртандар бастаған қоғам әбден шiрiп, әр жерi ши бере бастаған-ды. Соны одақ көлемiнде бастап беру қазақ жастарының үлесiне тидi. Әуелi — қорланды, ендi абыройға кенелдi Қазақстан.

Ұзақ патшалық құрғандардың iшiнен мен тек И.В.Сталиннен ұлылықтың шетiн көремiн де, ал Брежнев, Кириленко, Суслов, Қонаевтарды өзiне жүктелген мiндеттердi бiршама жөндi атқара бiлген қайраткерлер деп есептеймiн. Оларда кеменгерлiктiң сыртқы көрiнiсi (жұлдыздар, ордендер, кiтаптар) болмаса, шын мәнiндегi iнжу — маржаны, данышпандықтың белгiлерi болған жоқ. Тоталитарлық жүйенiң жөндемдi орындаушылары ғана. Әрине, ұзақ уақыт билiк құрған соң жұрт “кеменгерлiгiмен отыр” деп те ойлап қалуы ғажап емес. Мен өзiм Димекендi пенделiк келбетi келiскен, адамгершiлiгi мол, өзiм дегенге, ағайын-туысқа шапағаты көп тиген, ал ұнатпағандарын у-шусыз түншықтыра салуға ақылы жететiн үлкен әрiппен жазылатын Қайраткер деп бiлемiн.

Соңғы әрекетiне менiң мысалым да жоқ емес. Мүмкiн, тарата айту да бүгiндерi қажет шығар. Мен Сәбит Мұқановтың кейiнгi тағдырын айтқалы отырмын. 50 жылдардың аяқ және 60 жылдардың бас түсiнде Қазақстан Коммунистiк партиясының бiр пленумында қазақ халқына жаны өмiр бойы ашып, сол үшiн талай қокайды көрген Сәбит Мұқанов үкiмет басшыларының, атап айтқанда, Д.А.Қонаевтың қазақ ауылдарына барғанда бос үеденi берiп, келген соң ұмытып кететiнiн сынайды. Жазушы болған соң образсыз сөйлемейдi ғой. Және орысша сөйлеген соң, теңеудi де содан тауыпты. Сонда ең батырып айтқаны: “Мешок обещаний” — “үеденiң қабы” дейдi.

Менiң бұл деректерiмдi филология ғылымдарының докторы, әрбiр мағлұматтарды тiрнектеп жинап, айы-күнiмен көрсететiн атакты библиограф Әбдiлхамит Нарымбетов нақтылай, дәлелдей түседi. Сәбит Мұқановтың “мен Д.А.Қонаевты да, М.О.Әуезовтi де сынадым...” деген сөзiн мақала тақырыбына айналдырып “Қазақ әдебиетi” газетiнiң “Алтын адам” қосымшасында “1959 жылдың 23-24 октябрiнде ҚКП Орталық Комитетiнiң XVI пленумы өттi. Пленумда Темiртау көтерiлiсi туралы мәселе қаралды. Мен пленумда сөз сөйлеп, Н.И.Беляевты да, Д.А.Қонаевты да (Қазақ ССР министрлер советiнiң предсе-

дателі) қатты сынадым. Олар менің бұл сынымды жаратпады. Қонаев пленумда маған отпор бермек болып сөйледі. Осы пленумнан кейін Н.И. Беляев “Мұқановтың бар кітабын қарап, қате табындар” деп Қазақстанның КГБ-сына тапсырма берді. КГБ қызметкерлері “Алматың гостиницасынан бір бөлме алып, 2 ай бойы менің кітаптарымды қарап ештеме таба алмады. 1960 Н.И.Беляев Қазақстаннан кетті. Д.А. Қонаев ҚКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды” (“Қазақ әдебиеті”. 02.06.2000).

Пленумда айтылған сынды Димекен ұмыта алмады. Есесін қайтарудың жолдарын іздеді.

Сәбит пенделік тұрғыдан емес, идеологиялық тұрғыдан өте ұрыншақ қайраткер болды. Оған заманы дем берді, өзінің тақыр кедейліктен шығып, жетімдікпен жетілгені негізгі тірек болды. Сондықтан партия мен советтің сөзі Сәбене Құран хадисінен де артық саналғаны өтірік емес және ойын қысылмай, қымтырылмай айтатын. Артығына да, кеміне де ортақшыл партия демесін жасап, оның сөзін уәлі етті. Сонсоң, құдай берген мол дарынның арқасында 20-жылдардың өзінде-ақ “Сұлушаш” пен “Адасқандарды” жазып шығарғаннан кейін Сәбит даңқы Қазақстанға кең тарады, 1946 жылы Ғ. Мүсірепов “Сәбиттің еңбектері — халық қазынасы, ел мақтанышы. Сәбитті қазақтың елінен, елді Сәбиттен айыратын ешбір саңылау болған емес” деп сендіруінің мән-мағынасы зор. Міне, осындай адамның аузынан “өтірік уәденің қабы” деген атаққа ие болу кімнің болса да ұйқысын бұзары айдан анық. Осының есесін қайтару үшін Димекен Мұхтар Әуезовтың әлемдік абыройын мықтап пайдаланды.

Сәбенің Мұхаңмен қарым-қатынасын әдейі ушықтырғандар, одан кімдер қанша пайда тапқандары бізге мәлім. Қазақтың “солай болыпты ғой”, “дейді екен” дейтін өсек-аяңына тиым салу үшін өзім білетін жайларды анық және құжатпен айтуды парызым деп білемін.

1933 жылға дейін Мұхтар мен Сәбит шүйіркелесіп сөйлескен адамдарға ұқсамайды. Сәбенің 20-жылдардағы ащы да ожар мақалаларында Мұхтар ұлтшыл, байшыл деген пікір оңды-солды жазылды. Мұхаң Алматының түрмесінде жатқан кезде жазылып біткен “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті (1 бөлім. Ұлтшылдық, байшылық дәуірі)” деген атышулы еңбегінде тұңғыш рет Мұхтар Әуезовтің монографиялық портреті жасалып, 378-418 беттерде, табаны күректей 40 бет, яғни 2,2 баспатабақ көлемінде арнайы тарау берді. Артық айтқаны, кем соққаны, әдейі бұрмалағаны бар бұл еңбекте мынадай түйін айтылады. “Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тілі сұлулығының үстіне Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады. Оның кейіпкерлерінің көбінде жасырынбақ жоқ, қай тапқа жататынын айқын көріп отырарсың. Таптың бетін бүркемейді, өсе береді, өркендей береді. Бастаған ісін аяқтауға тұрақтылығы жетеді. Байшыл жазушылардың ішінде байлар табының таптық кескінін оның кейіпкері арқылы көрсету ретінде Мұхтардан асқаны жоқ. Жазуға шеберлік жағынан пролетариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп. Мұхтардың байдың айқын кейіпкерін шығара білгеніндей, пролетариат жазушылары пролетариат кейіпкерін шығара білсе, бұл үлен олжа”(418-бет) дегенін қандай саққа жүгіртсек те, Мұхтардың ұлы жазушы екендігін мойындау бар.

Кітап 1931 жылы 15 мамырда жазылып бітіп, 1932 жылы 29 сәуірде жарыққа шыққан. Тап осы кезде Мұхтар Әуезовке Алматыда сот болып, үш жылға сотталады. 1930 жылдың қыркүйегінен бергі түрмеде отырған күндерін есептеп және өзінің қателігін, совет өкіметін танитынын мойындап (қазір кейбіреулер Ахмет Байтұрсынов “түбінде біздің ісімізді жалғайтын сен боларсың” деп айтыпты деген қисын шығарып жүр. Ол қисынсыз, өйткені Ахаң 1929-1935 жыл аралығында түрмеден ешқайда шыққан емес. Хат жазуға мұрша берілмегендігі тағы шындық) 1932 жылы маусымда “Социалды Қазақстан” мен “Советская степь” газеттеріне орысша, қазақша Ашық хат жазған болатын.

Ал, Сәбит болса бұл кезде Мәскеуде Қызыл профессорлар институтында оқып жүргенде Мұхана 1933 жылы 21 ақпанда ұзақ хат жазыпты. Онда “біз Алма-Атада көріскенде жөнді сөйлесе алғамыз жоқ. Біздің сенімен сөйлескендегі мақсатымыз — сені үгіттеу емес, түзелем деп алған бетіне жолдастық көмек көрсету” деп марксизм-ленинизм ілімінің, әсіресе, пролетарлық түсінігін айтып, сөзді тіпті шығандата бастайды: “Бұдан бірер жыл бұрын біз екеуіміз екі таптың жыршысы ек. Сені субьективно да ұнатпайтын ем. Сөйткен саған менің осы хатты жазуымның өзі көлденең қараған адамға ұқпайтын нәрсені сықылды көрінуі мүмкін. Таптар біткенмен, тап өкілдерінің татулығы болу мәселесі әлі ертең” деп марксизм-ленинизм дүниетанымын тарамдата баяндайды, “бұл сөздер әрине үгіт емес (сен сықылды пікірі ер жеткен адамды үгіттеудің өзі балалық болар еді)” деп бір қайырып, жаңа қоғам жаршысы боламын деген ниетін, әсіресе Ашық хатын адал ниетпен жазғанына сенеді, ішке тартады.

Мариям Қожахметқызы Мұқанованың теледидарға берген сұхбатында және ауызекі әңгімесінде бір жайды еске алғаны белгілі. 1933 жылдың көктеміне қарай Сәбитке Мұхтар Ленинградтан “жанұямды көшіріп әкеле жатырмын” деп телеграмма береді. Қарсы алып, жатақханамызға қондырдық. Тамақ ішкеннен кейін Сәбит пен Мұхтар екеуі бөлмеге кіріп алып түні бойы сөйлесті. Көз шырымын алдырмай таңертең Алматыға шығарып салдық. Сондағы ұзақ сөздерінің түйіні 1933 жылғы әлгі хатына түсіпті: “Саған қиындық аз кездеспейді, өйткені сен пролетариат тілегіне қарсы болған адамсың, сондықтан пролетариат саған біразға дейін сене алмайды. Сен “қателесем бе” деп біразға дейін жалтақтық істеуің мүмкін, “жасасын” жағын басыңқырауың мүмкін. Сен бұрынғы Мұхтар болсаң “қанжығада көрісерміз” деп айдай берер ек. Қазір ол пікірден, әрине аулақпыз. Түзелуіңе бізден керек жәрдем болса, қолдан келгенше аянбаймыз” дейді.

Сәбит институтты 1935 жылы бітіріп келгенше Мұхтардың бірде-бір кітабы басылып шыққан жоқ. Шығармайын демеді, соған редактор болатын адам Алматыдан табылмапты. Күні бұрын дайындалған Мұханның “Ескілік көлеңкесінде” атты 20 — жылдардағы әңгімелер жинағына редактор болып, қысқаша алғысөз жазып шығарған адам — кәдімгі Сәбит Мұқанов. Және күні бүгінге дейін Әуезовшіл болып келген және жүргендердің ойына келіп, аузына түспеген пікірді, яғни алғашқы әңгімесі “Қорғансыздың күнінен” бастап “Мұхтар европалық мәдениет деңгейінде шығарма бердің дегенді тағы да Сәбит Мұқанов айтты. Осы батырлығы, әдебиетке, Мұхтарға деген жанашырлығы 1937 жылы Сәбитке пәле болып жабысты. Қызыл қырғын тұсында газет бетінде, жиналыстарда кіналағандар, ауыр саяси айып етіп таққандар болды. Әсіресе, Қазақстан жазушылары Одағының жұмысын сынаудан “рахат” тапқан “Социалды Қазақстан” мен “Казахстанская правда” газеттерінің материалдарын талқылауға арналған 1937 жылы 11 шілдедегі жабық партия жиналысында басқалардан бұрын алдымен Сәбиттің көзін күртуге бағытталған сөздер Хамза Жүсіпбековтің баяндамасында, Қалмақан Әбдіқадыров, Ілияс Жансүгіров, Өтебай Тұрманжанов, Жакан Сыздықов, Мұхаметжан Қаратаев, билік жағынан келген Лепесов, Шағыровтардың аузынан шықты. Жиналыс хаттамасын жазу Хамза Жүсіпбеков пен Мұхаметжан Қаратаевқа тапсырылды. 13-шілде күні бес адам, атап айтқанда Әбдіқадыров, Тұрманжанов, Жүсіпбеков, Қаратаевтар хаттаманы бекіткенде “поставить вопрос перед ЦК КП(б)К о немедленном отзыве тов. Муканова из командировки и специально обсудить вопрос о его непартийном поведении” деген арнаулы қаулы алды да, 4-бапта әлі тұтқындалмаған Сәкеннің “Тар жол тайғақ кешуі”, Сәбиттің “Адасқандар”, “Сын бая”, шығармаларының 1 томы, “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті”, Майлиннің 1 — және 4-томдары, Жансүгіровтың 1-томы, Әуезовтың “Ескілік көлеңкесінде” және “Қараш-Қараш”, Тоғжановтың “Абай”, Сәрсеновтың “Әкесі мен баласы”, “Тоқсан” атты кітаптарын “немедленно изъять из распространения” деп шешті.

КГБ-ның отставкадағы полковнигі, тамаша публицист Амантай Кәкен “37 жылы Сәбең қалай тірі қалды?” деген ашылығы удай мақаласында осы жабық

партия жиналысының қаулысыныңызғары күшті болғанын, өңгелерді былай қойғанда, “Қазақ әдебиеті” газетінің қыр соңынан қалмағандығын, әйтеуір “Мұхтар, Ғабит, Ғабидендер сияқты Сәбитті бұл нәубеттен құдай сақтады” деп жазды (“Қазақ әдебиеті”. 09.06.2000).

Осындай қиын-қыстау кезеңнің өзінде сыр бермеген тату-тәтті қарым-қатынас Сәбит пен Мұхтар арасында 1941 жылға дейін созылды, теперішті бірге көрді. Болар-болмас қалжыңнан от шықты. Оған екі алыптың жазған хаттары куә. Оның шет жағасын Түрсын Жұртбай М.Әуезов мұражайынан алып, “Сәбит Мұқанов тағылымы” деген жинақта 1990 жылы, одан кейін “Талқы” роман-эссесінде жариялады. Бірақ толық айтпады, тарта сөйледі.

Оқиға былай болған. 1938-39 оқу жылында Сәбит Алматыдағы ыланнан алыстау болу үшін арнайы шақырумен Семейдің оқытушылар институтына лекция оқуға барады. Әрі Абай музейін ашу мәселесі де мойнында жүреді. Осы игі іс бүгінгі Абайтанушылардың пірі Қайым Мұхаметхановпен мейлінше жақындатып жібереді. Ағалы-інілі болып достасады. Ретін тауып Абай еліне де барып, тобықтының сөзуар ақсақалдарынан Абайға, Мұхтарға, тағы басқаларға байланысты әңгімелерді естиді. Сөйтіп Алматыға оралады. Біраздан кейін Абай музейінің мәселесімен Қайым келіп Мұхаң үйіне түседі. Екі-үш күннен кейін Семейде табысып, дос-жаран болып қалған Сәбит Қайымды қонаққа шақырмақ болып, телефон шалады. Сәбең ойын-расы бар “Сен — уақ, мен — керей, еншісі бөлінбеген ағайынбыз, оның үстіне кеше Семейде бірге жүріп-тұрдық. Жөн білсең біздікіне келіп түсетін жөнің бар ғой. Сол білместігіңді түзету үшін кешке үйге кел, сыбағанды же” дейді. Барады. Қонақ болады. Еркін сілтеуге екеуінің де мүмкіндігі мол кез. Мұндай кезде қандай әңгіме айтылмайды дейсін.

Сәбең Абай аулына барып, ақсақалдармен әңгімелескенде аузы жыбырлап отырған біреуі “Мұхтар Абайдың баласы ғой” деп тарата баяндапты. Сәбең өзінің беріп отырған қонақасында тосын оқиғадай (сенсация) әңгімелейді. Қайым жатқан үйіне түн ортасында оралып, таңертең Мұхаң екеуі шайға отырғанда көңіл көтеріңкілігі әлі басылмаған Қайым Мұхаңнан сүйінші сұрағандай: “Сізді Абайдың баласы дейді ғой, сол рас па?” деп езуін жимай сұрайды. Сол кезде Мұхаң тарс жарылып, “Мұны саған Сәбит айтты ма, тағы не естідің?” деп қатты ашуланады. Айтпаған сөзі қалмаған соң Қайым ішіп отырған шайын тастап, үйден шығып кетеді. Он шақты күн әскери тумасының үйін паналайды. Ойда жоқта көшеде Мұхаңмен кездесіп қалады. “Әй, Қайым қайда жүрсің? Осылай да өкпелеуге бола ма?” — деп едәуір уақыт семейліктің ашуын басуға әлек болып, аяғында үйіне алып келіп, шаруасын тындыруға көмектеседі.

Мұхаң мен Сәбеңнің пенделік тұрғыдан кетіскен сәті осы, оған дейін де анау-мынаулар болған шығар, бірақ осы қисынсыз қисындырылған сөз екі алыптың ең алғашқы айқасына себеп болды.

1941 жылы 29 мамырда Сәбит Мұқанов Мәскеу қаласынан Мұхтар Әуезовке орыс тілінде ұзақ хат жазады. Қазақтың екі сөзгері неге орысшалап кеткен деген сауалға Мұхаң болса әу бастан қоныраулы адам, ал Сәбең 1937 жылдан бері аңду мен арбаудың астында келе жатқан пенде. Олардың әрбір алымы аңдуда екенін, оның үстіне Мәскеуден жазылған хаттың міндетті түрде оқылатындығын, қазақша жазса әр саққа жүгіртетіндігін ескеріп, Сәбеңнің орысшасы шығандап тұрмаса да, орысша хат жазады. Оған Мұхаң да орысша жауап жазыпты. Енді екі сөз шеберлерін қазақшалап біз әуре болмай-ақ қояйық, біріншіден, бар бояуымен жеткізе алмаспыз, екіншіден, “дейді екенге” үйреніп қалған қазақтарға мұрағат дүниесін сол күйінде жеткізсек, күні бүгінге дейін жалыны басылмай қоламсадағы шоғы бықсып жатқан өсек сөздердің үнін өшіру үшін керек.

“— Екеуміздің шындап танысқанмызға және бір-бірімізге “сен” деп сөйлескенімізге соңғы төрт-бес жылдың іші, содан бері ашығырақ сөйлесейін деп талай оқталдым. сенің шамшылдығыңнан (одним из твоих недостатков являет-

ся то, что ты очень обидчив, иногда обижаешься ни за что) айта алмадым, хат жазуды орынсыз көрдім, әлі де жүре беруге бар едім, “если бы в Москве мне не говорили о твоих поведениих в отношении меня. Мне говорили, что ты в Гослитиздате разьяснил, что “Жұмбақ жалау” Муканова мы знаем, — он плохой, его хорошим делал Дроздов...” Также мне там сказали, что ты прочитав свою статью, помещенную в “Сборник современной казахской литературы” ужаснулся, что кто-то вставил туда слова “одним из ведущих в казахской литературе является Муканов” и когда тебе показали твою рукопись, где ты сам писал такие слова, ты покраснел и сказал коротко — “я вычеркну” дегенді естігенде төбе шашым тік тұрды. Құнанбай заманындағы тобықтылығың қалмаған екен ғой деп түйдім. “Я был о тебе очень высокого мнения даже тогда, когда мы находились в разных противоположных лагерях. Я тебя считал (и считаю) одним из больших талантов нашего времени и одним из культурнейших людей, не только среди казахских писателей, но и среди писателей нашего многонационального Союза, включая и русских. Твое знание я сопоставляю со знанием самых передовых писателей нашего времени, включая и европейских. Это — не комплимент, а мое убеждение,” — дегенді ашулы хаттың өзінде жазуға Сәбиттің ақылы да, азаматтығы да жеткен көрінеді.

“Я — растущий писатель” деп өзінің шығармашылық жолындағы жетістігі мен қателік, кемшілігін өзгеден гөрі өзі бадырайта айтады да, екеуінің дұрдараз болу жайына мықтап тоқталады. Міне, алыптарға аспан асты тар екендігін осы арада тағы бір байқап, Сәтбаев пен Қонаев екеуінің арасындағы кикілжіңнің сырын түсінуге мүмкіндік туады.

Мұхтар мен Сәбит жайында “Алыптардың алғашқы айқасы” деген эссені жазуды көптен бері ойластырып жүр ем. Оның сыртқа шығар сәтіне Медеудің мына кітабы себеп салған сон, қаламға еркіндік беріп отырмын. Өйткені, бұл ауру адамзат дүниеге келгеннен бері келе жатса, казак арасында сортаң дертке айналған құбылыс.

Екеуінің жазған хаттарының көшірмесі қолымда. Машинкаға интервалсыз басқанда сегіз, ал екі интервалмен басса 16 бет. Бір-біріне айтпағандары қалмаған. Әрине, кәзір олардың жазғандарына өз әлімізше қорытынды шығарсақ пәленің бәрі бір сөзбен айтқанда ұлылыққа талас, данышпандық пен кемгенгерлікті бөлісе алмау. Менің бұл ойым ашылау, рабайсыздау шығар хатты оқымағандар үшін, ал оқығандардың келісе қоймаулары да мүмкін. Сондықтан ұлы жазушылардың “шек-қарнын” өздерінің ой-пікірлерімен ашуға мәжбүрмін. Қаншама Сәбитшіл болсам да, бұра тартпай, ғаламдық даңқы бар деп Мұхана жеңілдік жасамай өзімнің өрем жеткенше ашы шындықтарды алдарыңызға жайып салмақпын. Олар кейінгі ұрпағынан мұны күтпеді деп айта алмаймын, 1941 жылғы жазылған хатқа 1960 жылы 28 наурызда Сәбит Мұқановтың “цель написания данного комментария к письму Ауезова заключается в восстановлении исторической истины... и все” деуінде бірталай қыжыл жатқанын аңғармасақ болмайды. Оның ең үлкені 1959 жылғы берілген Лениндік сыйлықта жатыр.

“А” деп ауызды ашқан сон “Б”-сынан сескенбейік.

“Теперь я хочу объясниться с тобой в том, почему наше отношение за последние 2-3 года натянулось? Причину я вижу в следующем: ты в последнее время (может быть и раньше) почему-то убежден в том, что на свете живет злодей по имени Сабит Муканов, который завидует всем, особенно Мухтару Ауезову и не хочет дать дорогу никому, кроме себя. Так ты говорил на совещании в редакции “Социалистический Казахстан” в этом году.

Я просил бы тебя объяснить, когда ты говоришь, что “Муканов завидует нам”, кто это нам? Ты взгляни на все кадры казахской советской литературы и скажи, разве среди них есть хоть один, которому я не помог в росте. Даже Габит, с которым натянуты мои отношения за последние 3-4 года, не может сказать, что я ему не помог в его творческом росте. Все эти писатели об этом писали неоднократно, без моих принуждений. Разве это зависть? Наконец,

зачем мне завидовать тебе? Я знаю, что ты в казахской культуре вообще, в литературе в частности, занимаешь очень большое место. И у меня есть свой участок, вполне достаточный для разведения моего хозяйства; так что тебе не за чем бояться, что колонизирую твой край”.

Сала құлаш хаттың ең түйінді, от шашып тұрған мәселесі осы: тағы да қайталайын, ұлылыққа таласу, данышпандық пен кеменгерлікті ешкімнің қанжығасына байлатпау, атак-даңқты бөліспеу ниеті екенін жазбай танимыз.

Мұхаң да тартынбапты. Тіл қылышын еркін сілтепті. “В тебе есть хвастливость, нескромная самореклама. Это видел на многих собраниях, в газетных выступлениях и есть также очень поверхностное самомнение — что казахская литература это ты. Ты на совещании в “Соц. Казахстан” дал неверную справку о том, что будто ты начал критиковать и я обиделся. Не упрашай и не искажай правды. Вспомни заседание парткома в 1938 г., где нас слушали товарищи. Я там говорил, что каждое произведение Сабита появившееся до сих пор недоношено, что я недоволен, неудовлетворен с таким стажем, как у тебя. Я тогда же и после был глубоко разочарован в тебе, заметив твоё восприятие этого критического суждения о твоём писательском труде на манер, скажу прямо, Сейфуллина. Ведь у него была отвратительная система: критику его произведений называть враждебным актом против советской власти. Он был именно настолько нахален и беззащитен. Я вправе объяснить это еще не изжитым в тебе влиянием корыстных отношений той литературной группы, к которой ты принадлежал, и которую возглавил Сейфуллин. А эта группа с ее грязными, феодально-родовыми правами, очень много навредила советской литературе в Казахстане. Она много навредила и тебе в начальный период твоего формирования” деген ойларын ұзағынан келтіру мәселенің байыбына бару үшін кажет.

Мұндай ашық пікірлерге түсіндірме беріп жатудың өзі артық. Бұлар пенделік тұрғыдан болса, енді шығармашылық жағынан қарастырсақ, онда ұлылыққа таласудың қандай арнамен жүргендігін бірқыдыру анық шамалаймыз.

Сәбиттің Мұхтарға қойған ең үлкен кінәсі — совет тақырыбына жазған шығармаларың өз дарыныңның деңгейінен әлдеқайда төмен. “Мои критические замечания в отношении твоих отдельных произведений совершенно не исходят из моей зависти к тебе, они исходят из моего убеждения. Говоря откровенно, я недоволен твоими шагами в литературе последних лет. Они у тебя нерешительны, робки. Я сопоставляю твои произведения досоветского и советского периода. Ты несмелый в своих шагах, много оглядываешься в стороны, боясь, как бы чего не случилось. Отсюда страдает вся твоя советская тематика. Свою советскую душу на новой тематике ты, как художник, соответственно твоему таланту и знанию — ты еще не показал” дегені үшін әркілы ой айтуға болғанымен, әдебиеттің бүгінгі күннің шындығы төңірегінде шыр көбелек айналу керек деген социалистік реализм талабын анық аңғарамыз. Оны аттап өтуге Сәбең бармаған, қайта кейбір науқан тұсында артық сілтеп жіберетінін де жасырмаған абзал. Және оны өз тәжірибесінде талай сынап көрген.

Оның нақты дәлелі 1938 жылы шыққан “Жұмбақ жалау” романы, оны осы жауабында Мұхаң “это первый настоящий роман на нашем языке” дегені шындық болғандықтан ел қуанышына айналып, халық жапшай оқып, өздерінің ой-пікірлерін, қуаныш-шаттықтарын 1937 жылы жазықсыз жазатанған Сәбиттің жадау көңіліне демеу болған хат арқылы білдірген. Алғашқы басылымның өзіне мыңнан астам хат алынды. Жазушы туындылары жөніндегі хат — хабарлар Сәбеңнің көзі тірісінде мемлекеттік мұрахатқа 141 том болып тапсырылғаны, зерттеушілер оны пайдаланып жатқаны белгілі.

Сәбит саяси жағынан таяқ жеп, түңілерлік деңгейге де жеткенмен, шығармашылық жағынан зор абыройға ие болып, бұрын солшылықпен тапқан данқы “Жұмбақ жалау” тұсында өнерпаздықтың биік деңгейіне жетті. Мұндайды, қаншама әлемі сөзбен көмкерсе де, ақын-жазушылар, әсіресе өзі деңгейлестері басы бүтін қия бермегені, пенделік танытып алғандары сөзсіз. Оның шет жағасы Мұхаң хатынан көрінеді. “Даже лучшие вещи твои “Ақ аю”, “Жұмбақ

жалау” носят следы огромной недоношенности, недоработы дегенді домбыраның құлақ күйінде жіі қайталайды. “Айы-күні жетпей туғанын, иі қанбағанын” нақты көрсетпей, жалпылай айту басым. Пенделік сипат араласқанда “мы могли бы вести с тобой эту переписку гораздо более спокойным, не раздраженным местами, тоном. И она была бы полезнее, продуктивнее. Но в этом повинно твое же письмо. Откровенные (за них я благодарен) суждения твои о моем человеческом и писательском облике были у тебя отравлены излишней раздражительностью, местами злобным запалом. “Злодея Сабита” я не знаю, это твоя выдумка. Я высказался полнее и, местами, со справедливым возмущением. С приветом Ауезов (Сәбит хатын “С искренним к тебе уважением” деп аяқтағанды) дегендерді алыптардың да өзіміз сияқты пенделіктен алыс болмағандығын көреміз де, әрқайсысының мінез-құлқына қарай қылықтарын байқаймыз.

Сәбит Мұханды ұлы жазушы деген түсініктен еш айнымайды. Оны біз өзін де, кесек шығармаларын да бағалауынан анық көреміз. Сонау 1941 жылы “О романе “Абай” я высокого мнения. Я думаю, что по своему художественную уровню он куда выше, чем пьеса, и стоит на уровне романов настоящих мастеров прозы Европы дегенді әлі толық жарияланбаған (кітап 1942 жылы шыққан), қолжазбадан оқыған шығармаға сонау 1941 жылдың 29 мамырында “Мұқанов қызғаншақ” дегенді (Я быть может не писал бы это письмо еще долго, если бы меня сильно не задело твое слово — “Мұқанов қызғаншақ”.) естігеннен кейін жазу әшейін көлгірсу емес екенін кейінгі оқиғалар көрсетті емес пе?!

Мұханда мұндай ойлар өте сирек және “ты продуктивен — это хорошо. Но ты ведущий большой писатель Казахстана. За твоими плечами почетный стаж и огромное по количеству наследие. А вот подумал ли о том, что и твои удачи падают на исторические “Сулушаш”, на “Балуан Шолақ”. Прочитал я твои “Мектебы”. “Признаю хорошее наблюдения быта, улучшение языка, но опять очень много незрелости. Нет совсем психологии (опять), нутро человека ты не задеваешь, люди (опять), за исключением тебя самого, мелкие. Почти ничтожны они и мыслями, и чувствами” дегендері мақтамен бауыздау екенін жұрт аңғармайды дегендік пе, әлде ойлау жүйесінің машығы ма? Қандай ұнамды ойларының соңынан “бірақ, но” дегендер ылғи ілесіп жүретіндігін көреміз, оқимыз.

Осының өзі Сәбит шығармашылығы жөнінде пайда тапқысы келген “толмаған Толстойлар мен шала Шекспирлердің” Мұханды осылай деп едің деп алаулатып әжуалауына негіз болғаны тағы бар. Вокзалда жатқан жерінен үйіне әкеліп, жылға жуық паналатып, жазып жүрген “Курляндиясын” авторына оқытып тындап, өзі оқып, талай пайдалы кеңес берген Сәбеңнің 60 жылдығына ризалық көңілін білдірген Әбдіжәміл Нұрпейісов “Басқалар секілді Сәбит Мұқановтың творчествосында да кемшіліктер бар. Сыншыл, қатал оқушы соның бөрінен кемшілік табуы мүмкін. Сәбит Мұқанов шығармаларында кемшілік болса, ол біреу ғана. Ол Сәбеңнің асығыстығы. Ал Сәбең асықпа деу қиын. Ол бүгінде ондай ақылды ала да қоймайды.” (187) деуі қаншама достық ниетпен айтылғанмен көкейіндегіні аңғармасқа болмайды. Қанша Сәбитке жеңілдік жасағысы келгенімен, “оның таудай еңбегінің көлеңке жағына әдейі беттемей, қуанышты мереке үстінде халық қағидасын: “жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілісін” демекпіз” деген сөз иесінің қандай тактиканы қолданып отырғанын жазбай танытады. Тап осындай ойлар Сафуан Шәймерденов, Тахауи Ахтанов, Зейнолла Қабдоловтарда жиі кездесіп, “шіркін Сәбең асықпаса тамаша жазушы еді ғой” дейтін солқылдақ пікірлер көп айтылып, жаттандыға айналып кеткен болатын.

Сәбеңнің Мұханды мойындауында ешқандай аярлық жоқ. “Сенің шығармаларың әу бастан европалық деңгейде жазылды, өзің орыс және Европа жазушыларынан артық болмасаң кем емессің” деген ойларды, романның алғашқы тараулары (“Татьянаның қырдағы әнін, т.б.) ғана жарияланған, өздері қолжазбадан оқыған кезде айтуға тартынбаған.

“О романе “Абай” я высокого мнения. Я думаю, что по своему художественному уровню он куда выше, чем пьеса и стоит на уровне романов настоящих

мастеров прозы Европы. Повторяю, роман хороший, желаю такого же успеха и во второй части его. У нас есть люди, которые на слова “исторические” смотрят, как на құбыжық — это недооценка истории. Дело не в том, что о чем писать, а в том, как писать” деген пікірінің “Абай” романының даңқын әуелден-ақ асқақтата түспесе, зиянын тигізбегенін жоққа шығара аламыз ба?

○ 1946 жылы Мұхаңның өзі “Жолы кең жазушы” деген мақаласында “Қазақ әдебиетінің аға жазушысы Сәбиттің аты — қазақ оқушының мол қауымына өте даңқты, анық қымбат аттың бірі. Сәбиттің “Теміртас”, “Жұмбақ жалау” сияқты романдары сапа мен көркемдік жағынан қазақ көркем қара сөзінің елеулі үлкен дәуірін танытады. Қазақ романының тарихында талантты, өнімді жазушы Сәбиттің орны — бірінші орын. Оның аты бүкіл Одақ елінің оқушысына да мәлім және Совет әдебиетінің ұйымдастырушысы есебінде де зор еңбегі бар адам” деп білетін болса, Сәбиттің аузынан шыққан сөздің далада қалмасы айдан-анық қой.

Өкінішке орай бізде, әсіресе зерттеушілерде дамудың диалектикасына қарамай, соңғы қорытындыдан өріс алып, ой-пікірлерін соған ыңғайлап жазып, оқушылардың түсінігін ылайылайтындар аз кездеспейді. Қандай ұлы, данышпан болсын аяғы салбырап аспаннан бірден түспейді, біртіндеп өсіп жетіледі, танылады, құрметтеледі. Сондықтан айтқан ойдың қай жылы, қай сәтте айтылғанын еш уақытта ұмытпаған абзал, сапырыстырып жіберу көбіне фальсификацияға апарып соқтырады.

○ Екі алыптың 1941 жылы (19.5/17.6) жазысқан хаттары әрі қарай созылғанда немен тынарын кім білсін, егер соғыс басталып кетпесе. Тегінде табысқан сияқты, өйткені “в 1942 году ЦК КП Казахстана просил меня занять пост Председателя Правления Союза писателей Казахстана. Я согласился. Секретарем ЦК тогда работал Н.А.Скворцов. В предварительной беседе с ним, я ставил одно единственное условие — снять судимость с Ауезова (он был посажен и осужден по 58 статье в 1929 году на 25 лет за контрреволюционную деятельность; был выпущен из тюрьмы в 1932 году, но судимость не была снята. (Біз де өз дерегімізді қосайық. Мұхаңды 58 статьяның 7 және 11 тармағымен айыптағанымен, 1932 жылы 20 сәуірде 3 жылға соттап, жазасын шартты (условно) атқаруға кескен-ді. 22 мамырда қамаудан босатылған болатын. Т.К.), дать ему право советского гражданина. Скоро на закрытом заседании Президиума Верховного Совета КазССР и бюро ЦК КПК судимость с Ауезова была снята” деген деректің де айтары мол екені сөзсіз.

○ Алыптардың айқасын осымен де аяқтау қажет шығар, өйтпесе негізгі әңгіме арқауынан шығып кеткенмен, ең дәлелді, көзге көрініп, қолға ұстайтын, басқалар сияқты аярланып, сөз сабанымен жауып, көлеңкелемейтін деректердің ғибраты мол болса керек.

○ Ғибрат дегеннен шығады. Мұхаң да, Сәбең де ойындағыларын жеткізе және дәлелдей айту үшін өз өмірбаяндарының ең бір қиын да сұсты сәттерін, әр шығармаларының қашан, қай тұста, не мақсатпен жазылғанын, идеологиялық көзқарас эволюцияларын, тіпті білім алу, жинау жайларын ашып жазыпты. Оқушы жұртшылыққа жетпей жатқан деректер бірқыдыру, тіпті “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығы 1997 жылы шығарған “М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресіне” ғылыми жетекшісі және жауапты редактор болған Тұрсын Жұртбаевқа 1990 жылдан бері (“Сәбит Мұқанов тағылымындағын “Сенің келуің — шын келу”, одан кейін “Талқы” роман-эссесінде) мәлім болған деректерді “ұмытып кету”, оқушылардан тасалаудың еш қажеттігі жоқ еді. Зерттеушілер мұндай құнды дүниелерді ескеріп отыруға тиіс.

○ Иә, сонымен Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың достаса жүріп ұстасқандары, ұстаса жүріп, дотасқандары жалғыз бұл емес. Соның ең бір үлкені 1951 жылы Абайдың ақындық мектебі туралы айтыс. Бұл жайында “Сәбең әлемі” деген 2000 жылы шыққан кітабымда едәуір ой толғаған едім, енді сондағы айтқанымды түгелге жақын қайталайын:

1951 жылы Абай мұрасы, әсіресе Абайдың ақындық мектебі жөнінде ғылыми айтыс (дискуссия) болып, Сәбит Мұқанов пен Қажым Жұмалиев екеуі мәселені насырға шаптырып, біраз айғай-шу шығарғаны ел-жұртқа аян. Осы кезге дейін мен де Сәбит Мұқановтың Абайтанудағы ірі қатесі деп түсінуші ем. Сол кездегі құжатқа қарап отырсақ, біраз күйтырқы барын көреміз. “Кінәлі-кінәсіз болса да бар пәленің бәрі жабыса кететін өнер адамдары болады. Қазақ топырағындағы ондай тұлға — Сәбит Мұқанов” деген Т.Жұртбаев (“Талқы”, 1997. 313-б) ойының дәл айтылғанына қол қоймайтындар табыла қоймас.

Айтыс үстінде Сәбен онды-солды сілтегенімен шокпардың бір басы өзіне де тиіп жатқанын сезбеген. Оны өзге емес, Мұхтар Әуезовтің “Литературная газетаға” жазған ашық хатымен дәлелдейік. “В газете “Казахстанская правда” от 13 октября 1951 г. опубликовано совместное решение Президиума Академии Наук КазССР и Президиума Союза писателей Казахстана как итоги дискуссии по Абаеведению. Указывалось на ошибки не только Ауезова, но и называлось имена других, как Муканов, Джумалиев, Исмаилов, Жиреншин и т.д.” деп жазғанын Мұханның қыр соңынан қалмаған С.Нұрышев “До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчество Абая” деген мақаласында былай тұздықтап: “Осуждены ошибки не только Ауезова, но и абаеведов — М.С.Сильченко, С.Муканова и других пропагандировавших эту “концепцию” и допускали ряд других серьезных идейно-теоретических ошибок” (“Абай” журналы, 1996 ж. 20-б) деп насырға шаптыра жазды. Айтыс айғайы басылған кезде ресми түрде “таяқ жеп” жазушылар одағы басшылығынан алынған Сәбен енді бәріне кінәлі адамдай айтылып, жазылуда. С.Қирабаевтың нақты деректерден гөрі сол кездегі айғай-шудың жұрт көңілінде қалған сарқыншағымен “Абайдың ақындық мектебін жоққа шығаруға, Абайды ұлттық әдебиет дәстүріне қарсы қойып, оны шығыс әдебиетінен бөліп алып, таза орыс әдебиетіне телуге тырысты (“Абай” 1995 ж. 1-2, 30-б)” дегенін ғылыми тұжырым деу қиын. Әрине, уақыт табы сақталмаған жағдайда кейінгі ұрпаққа, дұрыс информация жеткізілмейді. Осындай айтыстың болғанын алыстан естіп білгендердің өзі біреуді кінәләп, біреуді дәріптей салу қазаққа таңсық емес.

1951 жылғы Абайдың ақындық мектебі жайындағы айтыс Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұхаметханов, Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменовтің сотталуына, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин, С.Кеңесбаев, Ә.Қоңыратбаевтардың қызметтен қуылуына апарып соқтырды. Соңына КГБ полковнигі салпандап түскен, енді-енді ұсталады-ау деп жатқанда Мұхтар Әуезов Мәскеуге қашып барып, Мәскеу университетінде профессор болып СССР халықтар әдебиетінен сабақ беріп паналаса, Сәбит Мұқанов Қазақстан жазушылар Одағы председателдігінен босалды.

Республика басшылары, әсіресе Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетіне бірінші хатшы болып біраз істеген бірінші қазақ Жұмабай Шаяхметов, Совнарком төрағасы Нұртас Оңдасыновтар орындарынан алынып, жылы орындарын суытқан қаракөздер аз болмады. Әдеби даулар басылғанмен тың жерлерді игерумен байланысты елдік мәселелер туа бастады. Басынан соры әлі арылмай келе жатқан қазақ тілі жөнінде үлкен жиындар өте бастады.

Оған себеп — “Қазақ тілінің қолдану аясы туралы” мақалалар жариялануы болды. Оны ҚКП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының 8 қызметкері қостаған соң талқылауды тоқтатып тастап, Орталық партия Комитеті 1956 жылы 10 желтоқсанда арнайы қаулы алды. Оны жүзеге асыруды әуелі “Социалистік Қазақстан” газеті 1957 жылы 29 қаңтарда, қазақшадан арнайы аударған боп “Казахстанская правда” газеті 31 қаңтарда “Қазақ халқының мәдениетін көркейте берейік” деген редакциялық екі етек мақаламен жүзеге асыруға кірісті.

Жалғасы бар

